

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№4/2024

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токал Газиосманпаша университеті, Токал, Туркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 24.12.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 24.12.2024 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типопр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 24.12.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS

АКИЖАНОВА Д.М., ОМАРОВА А.С., ЧЕШМЕДИЕВА-СТОЙЧЕВА Д.С.	Вопросы межъязыковой передачи топонимов Республики Казахстан	7
АҚЖІПТОВА А.О., САЛҚЫНБАЙ А.Б., СӘРСЕНБАЙ Ж.А.	Абай өлеңдеріндегі окказионалды субстантиваттар	18
АУБАКИРОВА А.Е., ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ЖУАНЫШПАЕВА С.Ж.	Новые термины на казахском языке: история и опыт	32
ӘЛІСЖАН С.Қ.	Термин қалыптастырудың өзекті мәселелері	44
БЕКЕНОВА Г.Ш.	Тұрақты тіркестердегі «төрт түлік мал» концептісі	53
ДАВЛЕТОВА С.Е., БИЖКЕНОВА А.Е.	Вернакулярлық контенттерді жер атауларында қолдану және оның тілдік-танымдық ерекшеліктері	61
ДОЛДИНОВ С.А. ЖУСУПОВА Г.М. ВЕРБА Е.А.	Аргументация и убедительная речь в политике Казахстана	76
ЖАКУПОВ Ж.А., ТҮЙЛЕБАЕВА Қ.Б.	Сөз семасиологиясындағы синергетика	88
ИБРАЕВА М.Б.	Постсубмәдениет өкілдерінің тілдік бейнесі	98
ISKAKOVA G.ZH., RYSPAYEVAD S.	Language and emotions: emotional lexicon in a literary text (based on the works of A. Kekilbayev, Ch. Aitmatov)	107
ИСПАНДИЯРОВА А.Т.	Қазақ халық лирикасындағы когнитивті метафораның семантикалық сипаты	121
SAGIDOLDA G., RAINBEKOVA G.S.	On lexicography of antonyms in the kazakh language	130
ТҮРҒАНБАЕВА Қ.М., САРЕКЕНОВА Қ.Қ.	Қазақ-түрік тілдеріндегі баланың дүниеге келуіне қатысты фразеологизмдердің этнографиялық сипаты	138
УРАЗАЕВА Қ.Б., ЖАРҚЫНБЕКОВА Ш.Қ., ЕРІК Г.	Языковая личность бия и эффективная коммуникация	147

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES

АБДРАСИЛ Н.С., ЖАПАРОВА А.Ж.	Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафораларды салыстырмалы талдау (түпнұсқа және аударма нұсқалары негізінде)	158
АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., ДАУЫЛБАЙ М.	Әбіш Кекілбайдың «Ханша-дария» хикаясындағы Гүрбелжін бейнесі	171
АСАН Н.Б., ХАЛИКОВА Н.С.	Әлішер Рахаттың «Параллель» романының қазіргі қазақ прозасының дамуындағы орны	179
БАЙТУРИНА У.К.	Русский социализм Н.Г. Чернышевского и русская идея Ф.М. Достоевского	189

КӘРІМХАН З.Т., ӘУБӘКІРОВА Қ.Ә., ТОҚТАРБАЙ Е.Н. МАНСУРОВА Ә.Ж. ОРДА Г.Ж.	Қазақ әдебиетіндегі мемуаристика. Отыншы Әлжанұлы жазған қазанама естелік ретінде	199
НЕСИПБЕКОВА А.С., СМАГУЛОВ Ж.К.	Мағжан мен Сәкен: тұлғалар тұтастығы	216
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б., БІРЛЕСОВА Б.Б.	Қазақ әңгімелеріндегі бақсы сарыны	225
TASNEKOVA A.T., ZHURUSSOV N.K., SHARAUOV A.K	Ideological and thematic basis of children's folklore in the research of Bekmurat Uakhatov	238
ТУРСЫНХАНОВА Қ.Қ., МУКАЖАНОВА Р.М. *ХУСАИНОВА А.К.	Шәкәрімнің ақындық кітапханасы Түркі фольклорындағы «әйел» бейнесінің гендерлік аспектісі	249 260

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ /
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ /
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

JANDILDINOV M.K., ZHAPAROVA A.ZH., TUSSUPBEKOVA M. ZH.	The role of online resources in the process of english learning	270
КЕРІМБЕКОВА Б.Д., ОТАРБАЕВА Ғ.Н.	Әдебиет сабағында оқушылардың креативті ойлауын қалыптастыра отырып шығармашылыққа баулу жолдары	281
ҚУАНБАЕВА Ж.С., БАЙҒҰТОВА Д.Н., ИБРАГИМОВА У.Б.	Цифрлық білім беруде геймификация оқытудың жаңа тәсілі ретінде	291

FTAMP 17.07.61

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-4.15>

Н.С. АБДРАСИЛ¹ 

А.Ж. ЖАПАРОВА² 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан^{1,2}
(e-mail: mr.yes_94@list.ru¹, asemzhan@mail.ru²)

**МҰХТАР ӨУЕЗОВТИҢ «КӨКСЕРЕК» ПОВЕСІНДЕГІ МЕТАФОРЛАРДЫ
САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ
(ТҮПНҰСҚА ЖӘНЕ АУДАРМА НҰСҚАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)**

Аңдатпа. Мақалада жазушы Мұхтар Өуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафоралардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аударма нұсқалары түпнұсқамен талданып, авторлар алынған зерттеу нәтижелерін талдау және талқылау арқылы ғылыми тұжырымдар жасалған.

Зерттеудің ғылыми мақсаты, негізгі бағыттары мен идеяларына – көркем аудармадағы аудармашыдан ерекше қатысым мен жоғары шеберлікті талап ететін көркемдік-бейнелеуіш құралдардың бірі – метафораны қазақ тілінен орыс және ағылшын тілдеріне аударылу ерекшелігін тұжырымдау жатады.

Зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығы қаламгер М. Өуезовтің «Көксерек» шығармасындағы метафоралардың орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқаларын ресейлік және отандық аударматанушы ғалымдардың концепциялары мен теорияларына сүйене отырып өзара салыстыру қазақ транслатологиясының практикасы мен теориясын, сапасын, сынын дамытуға үлес қосатындығымен анықталады.

Зерттеудің әдіснамасы ретінде көркем аудармадағы түпнұсқа мен тәржіме нұсқаларын талдауда салыстырмалы әдістің құндылығы туралы зерттеген отандық аударматанушы ғалымдар Ж. Дәдебаев пен А. Алдашеваның еңбектері негізге алынды. Жалпы зерттеуге түсетін тіл бірліктерін іріктеу, интерпретациялау, контент анализ жасау, лексико-семантикалық талдау және тұжырымдау алгоритмі қолданылды.

Зерттеу жұмысының нәтижелеріне мақала авторлары жазушы М. Өуезовтің «Көксерек» повесін ағылшын тіліне қазақ тілінен тікелей тәржімелеу түпнұсқадағы ұлттық метафоралардың этно-мағыналық қабаттарының сақталуы мен форенизациялануына және келешек аудармашылардың тәржіме үдерісінің жеңілдеуіне ықпал ететіндігін дәлелдейді.

Зерттеудің құндылығына қазақ әдебиетшілері мен лингвистері тарапынан қаламгер М. Өуезовтің «Көксерек» повесіндегі әлеуметтік талдау мәселесі, мазмұндық және құрылымдық ерекшелігі, жазылу тарихы мен поэтикасы, мағыналық қабаттары, Көксеректің көзімен сияқты ғылыми мақалалар мен диссертациялар зерттелді, дегенмен, түпнұсқадағы метафоралардың орыс және ағылшын тілдеріне тәржімелену ерекшеліктерін салыстырмалы талдау қазақ транслатология саласында ғылыми мақала ретінде қарастырылмаған.

Түйін сөздер: повесть, метафора, аударма, түпнұсқа, эквивалент, доместикация, форенизация.

Кіріспе. Қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасы бар, қара сөздің қас шебері, әлем әдебиетінде ерекше орын алған жазушы Мұхтар Өуезовтің «Көксерек» повесі 1929 жылы жазылып, ал фильмі 1974 жылы жарыққа шыққан. Аталмыш повесть тек қазақ реципиенттерін ғана емес, сонымен қатар басқа ұлттардың да оқырмандарын таң

қалдырды. Бұл әңгіме ағылшын, орыс, мажар, поляк, монғол, неміс, эстон, голланд және тағы басқа әлем тілдеріне аударылған.

«XXI ғасырда М.О. Әуезовтің шығармашылық мұрасының әрбір жаңа зерттеуі әлемдік мәдениет пен әдебиет тарихы контексіндегі феноменальды құбылыс. Қазақ классигі мен әлем әдебиеті шығармаларының шет тілдеріне әрбір жаңа аудармасы ерекше ғылыми құндылыққа ие. Қазіргі әдебиеттануда көркем аударма салыстырмалы зерттеудің бір қыры ретінде қарастырылады» [1, 52].

XX ғасырда қазақ балалар қауымына арналып жазылған қаламгер Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесі ерекше танымдық, көркемдік-эстетикалық, тағылымдық деңгейімен ерекшеленеді. Бұл классикалық туындыға түпнұсқа авторы мол мағына мен мән, философиялық ой сыйдыра білген, яғни адам баласының табиғатпен байланысын ғана емес, сондай-ақ әке мен баланың қарым-қатынасы, дос пен қастың арасындағы тартыс, Көксеректің еркіндікті қалауы сияқты мәселелері әсерлі бейнеленген. «Әдеби еңбек – негізінен автордың идеясын білдіру құралы болып табылатын өнер түрі. Адам өмірі мен ол бастан кешетін түрлі мәселелер автордың әдеби шығарма жазудағы шабыт көзі болып келеді. Сондай-ақ әдеби шығарма – автордың өмірге көзқарасын жеткізу құралы. Мұндай жағдайда, автор өзі бейнелейтін адам өмірінің шындығын айқындап алады» [2].

Түпнұсқаны тезис ретінде қайталап өтетін болсақ, Көксерек ауылға келеді, Құрмаш үлкендердің ескертпелеріне қарамастан, ақылдарымен санаспай, жабайы дала аңы–бөлтірік Көксеректі бағады, Көксеректі ауыл тұрғындары да, иттері де жақтырмайды. Сондықтан Көксерек адамдар мен иттерді де жек көріп өседі. Ол бостандықты аңсағандықтан, дала көкжалына айналады. Дегенмен, адам баласы Көксеректің бөлтіріктерімен қоса ақ қасқырды да өлтіреді. Жүрегі кек алуға толған жалғыз Көксерек ауыл малдарын қырып салады. Аязды далада қой бағып жүрген Құрмаш өзі асыраған көкжалдан қаза болады. Құрмаштың өлімінен кейін аңшы Қасен төбет иті Аққасқамен Көксеректің түбіне жетеді.

Бұл шығармада кездесетін метафоралардың этномәдени тұстары түпнұсқада ерекше орын алады, өйткені автор әңгімеге астарлы ой мен терең бітімді мотивтерді қолданған. Осы әңгімедегі мән мен мағынаны, философиялық ерекшеліктерді басқа ұлттың оқырмандарына беру мақсатында аудармашылар өзге тілдерге тәржімеледі, өйткені бұл повесть реципиенттердің когнициялық қабылдаулары мен ойлау қабілетін дамытатын ерекше повестердің бірі екендігі туралы мына тұжырым толықтыра түседі: «Балалар әдебиетінің аудармасы өзіндік ерекшеліктерге ие және оның сапасына қойылатын талаптар қашан да жоғары. Себебі балаларға арналған әдебиет танымдық, тәрбие, қосымша білім беру функцияларын атқарады» [3, 286].

«АҚШ-та М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Колумбия университеті шығарған “Summer Evening, Prairie Night, Land of Golden Wheat” атты қазақ әдебиетінің антологиясына С. Левшиннің аудармасындағы «Серый люгый» (“Fierce Grey”) әңгімесі енгізілген» [4]. Сонымен қатар, «М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Адам және табиғат/Человек и природа/Human and Nature» атты қазақ әдебиеті антологиясына М. Әуезовтің «Көксерек» повесінің орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары енгізілді» [5].

Қазақ балалар әдебиеті туындыларының ішіндегі осы мақалаға арқау болған Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесі қазіргі таңда әдебиет сыншылары мен лингвистері тарапынан зерттеу нысанына айналғанымен, қазақ транслатологиясында аталмыш повестегі метафоралардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аударма нұсқаларын салыстырмалы талдау ғылыми мақала деңгейінде әлі де зерттелмеген.

«М.О. Әуезовтің жеке шығармашылық коды, оның әлемге ғылыми көзқарасы мен көркемдік көзқарасын біріктіретін ойлау стилі, әрине, оның шығармашылығында да, мәтіндерінің әлемдік тілдерге аудармаларында да көрініс тапты» [6, 51]. Қаламгер М. Әуезовтің балалар қауымына арнап жазған «Көксерек» повесіндегі метафоралардың орыс және ағылшын тілдеріндегі тәржімелену ерекшеліктерін зерттеу отандық аударматану саласын дамытады. Әңгімедегі метафоралардың көркемдік-эстетикалық

маңызы мен семантикалық белсенділігі жоғары, сондықтан басқа тілдердегі тәржіме нұсқаларын зерттеу арнайы талдауды қажет етеді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. 1960 жылы қаламгер Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесін алғаш рет орыс тіліне аудармашы А. Пантиелев «Серый лютий» деп аударған. Тәржімеші А. Пантиелев нұсқасынан алғаш рет ағылшын тіліне 1997 жылы «Fierce Grey» деп аудармашы С.О. Чоракаев аударды. Ал, екінші рет орыс тіліне 2010 жылы «Матерый» деген атаумен филология ғылымдарының докторы, профессор, кәсіби аудармашы А.Ж. Жақсылықов тәржімеледі. 2017 жылы ағылшын тіліне екінші рет А. Пантиелев нұсқасынан аудармашылар С. Гейган, С. Холлингсуорс «Savage Grey» деп аударды.

Мақаланың зерттеу материалы ретінде М. Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафоралар және олардың орыс тіліндегі 2 нұсқасы және ағылшын тіліндегі 2 нұсқасы болып табылады. Түпнұсқадағы көп метафораларды автор Көксерек пен Аққасқаны сипаттау және олардың оқиғаларын суреттеу барысында қолданғанын байқауға болады. Мысалы, сырт әлпетін, физиологиялық ерекшеліктерін көрсету мақсатында жасыл көздері от шашады, атылып келе жатқан садақ үзілген, сүйірленген бір бітімі бар, жүні жығылу, құлағын жымитып, ашумен тап береді, мінез-құлық сипатын жеткізу үшін сөзге көнбейді, ін ішінен жат иіс сезу, мұрнын жарып өзіне тартқан қой иісі келу, сіркесі су көтермейтін долы, ызалы, ашу шақыру тәрізді бейнелі образдарды байқауға болады. Сонымен қатар, автор табиғат пен адам тіршілігі повестің негізгі ұғымдары болғандықтан уақытқа қатысты (қас қараюға айналған уақытта), табиғат иелерінің тұрмыс-тіршілігіне қатысты (елсізге қарай бет түзеу, ес жию, кеңдігі кісі сыйғандай ін, екі аяқтылар) метафораларды пайдаланады.

Талдау үдерісінде іріктеліп алынған түпнұсқадағы таңдамалы метафоралардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аударма нұсқаларына ресейлік аударматанушы ғалым В.Н. Комиссаровтың 5 эквиваленттілік деңгейіне байланысты салыстырмалы талдау жасалып, эквиваленттіліктің қай деңгейінде орын алғаны анықталды.

Сонымен қатар, ресейлік аударматану зерттеушісі В.Н. Комиссаров эквивалент ұғымы туралы: «аударманың эквиваленттілігі түпнұсқа мен аударманың мазмұнының ортақтығы (мағыналық жақындығы)» [7, 403], яғни түпнұсқадағы мазмұнның тәржімесі аудармада мағынасы жағынан ұқсас болуы қажет. Сондай-ақ, ғалым В.Н. Комиссаров эквиваленттілік теориясының 5 деңгейін: «...тілдік белгілер деңгейі, мәлімдеме деңгейі, хабарлама деңгейі (құрылымы жағынан), жағдаятты сипаттау деңгейі және коммуникация мақсатының сақталу деңгейі...» [7, 10] ұсынған. Аталмыш эквиваленттіліктің деңгейлерін жеке-жеке толығырақ талдайтын болсақ, эквиваленттіліктің 1-деңгейі – тілдік белгілер деңгейі, яғни бұл деңгейдегі тәржімеде реципиенттер аударма мәтініндегі сөздерді түсінгенімен, мән мен мағынаны жоғалтып алады. Ал, эквиваленттіліктің 2-деңгейі – мәлімдеме деңгейінде оқырмандар ақпаратты қабылдағанымен, байланыс орнықпайды. Сондай-ақ, эквиваленттіліктің 3-хабарлама (құрылымы жағынан) деңгейінде реципиент ақпаратты түсінгенімен, фондық білімі жеткіліксіз болады, яғни белгілі бір салаға байланысты немесе бір мәдениеттің ұлттық ерекшеліктерін ұғына алмауы, ал эквиваленттіліктің 4-жағдаятты сипаттау деңгейінде реципиент аударма мәтіндегі жағдаятты толық қабылдап, түсінгенімен, түпнұсқа авторының астарлы ойын (интенциясын) қандай мақсатта қолданғанын ұғына алмайды. Аударматанушы ғалым В.Н. Комиссаровтың эквиваленттілік теориясындағы 5-коммуникация мақсатының сақталу деңгейінде оқырман мәтінді толыққанды жан-жақты түсініп, талдап және өзіндік қорытынды жасауы, яғни эквиваленттіліктің барлық деңгейлері сақталған түрі. Сонымен қатар, эквиваленттіліктің ең жоғары деңгейінде аударма жасау үшін тәржімеші тек тілдік ерекшеліктерді жетік біліп қана қоймай, сонымен қатар басқа ұлт оқырмандарының мәдени құндылықтарын да ескеруі қажет.

Біздің мақаламызда түпнұсқадағы М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесіндегі этномағынасы бар метафораларды орыс және ағылшын нұсқаларындағы тәржімелерін талдауда ресейлік аударма зерттеушісі В.Н. Комиссаровтың эквиваленттіліктің деңгейлеріне байланысты теориясы мен концепциясын қолданамыз, өйткені қазіргі заманауи аударматану мәселелерін шешуде өзектілігін жоғалтпаған алдыңғы қатардағы теориялардың бірі.

Белгілі аударма зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Ж. Дәдебаев көркем аудармадағы салыстырмалы зерттеу туралы: «Көркем аударма мәселелерін қарастыру міндетті түрде, кем дегенде, екі түрлі тілде жасалған көркемдік құбылыстарды, түпнұсқа әдеби шығарма мен оның өзге тілдегі аудармаларын, өзара салыстырып зерделеуді талап етеді. Салыстырусыз көркем аударманы өнер ретінде тану да, таныту да мүмкін емес. Сондықтан салыстырмалы талдау көркем аударманың теориясы үшін де, тарихы үшін де, сыны үшін де бірден бір әдіснамалық, методологиялық негіз болып табылады» [8, 54] десе, отандық ғалым А. Алдашеваның келесі тұжырымы жоғарыдағы пікірді толықтыра түседі: «Адам факторының тілдегі көрінісін, тіл мен сол тілді иеленуші адамның (тұтас бір халықтың) ойлау-пайымдау қабілетінің арасындағы байланысты, ұлттық мәдениеттің ұлт тіліне (және керісінше) ықпалын зерттеуде аударма әдебиет көп көмек жасайды. Аударма әдебиеті түпнұсқамен салыстыру бірнеше тілдерде бар универсиалды бір ұғым, образ, стереотиптер үшін жұмсалатын тілдік единицалардың ұлттық-мәдени құндылығын дәлірек танытуға мүмкіндік береді» [9, 17].

Кемеңгер жазушы М.О. Әуезовтің «Көксерек» повесінің орыс және ағылшын тілдеріндегі аударма сапасын талдауда салыстырмалы әдістің құндылығы мен эквиваленттіліктің деңгейлері туралы зерттеген отандық және ресейлік аударматанушы ғалымдардың пікірлерін осы ғылыми мақалада қолдаймыз және олардың тұжырымдары біз үшін өте қымбат.

Талқылау мен бақылау. Қазақ поэзиясын зерттеуші, ф.ғ.д. А. Әлтай пікірінше: «Балаларға арналған туындыларда қолданылатын тілдік-бейнелік тәсілдер мен көріктеу құралдарының қай-қайсысы да екі түрлі мақсатқа қызмет етуі шарт. Оның бірі көркем әдебиеттің басты белгісі – көркем образдылыққа қызмет ету болса, екіншісі – балалар әдебиетінің өзіндік ерекшелігі болып табылатын тәрбиелік міндет атқару» [10, 90]. Осы пікірге сай жазушы М. Әуезов «Көксерек» повесіндегі Құрмаш пен Көксеректің образына байланысты көптеген ұлттық метафораларды қолдану арқылы оқырманды еркіндікті сүйеге, табиғат ананы қадірлеуге, үлкендердің айтқанына құлақ асуға және озбырлықтан арылу сияқты тағылымдық, философиялық ойларға жетелейді. Сонымен қатар, түпнұсқа авторы реципиенттердің ауыл тақырыбына байланысты когнициялық және фондық білімдерін кеңейту мақсатында жазған тәрбиелік мәні бар шығармасы.

Енді нақты мысалдарға тоқталар болсақ, ең бірінші назарымызды кеңдігі кісі сыйғандай деген қазақы өлшем бірлікке негізделген метафора аударды:

М. Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафораның аударма нұсқалары

1-кесте

Түпнұсқада:	Бұрын итмұрын жанындағы кішкентай алаңда кеңдігі кісі сыйғандай үш үлкен ін болатын [11, 5].
А. Пантиелев нұсқасында:	Старые норы размыло водой, в них мог бы свободно влезть человек [12, 3].
А.Ж. Жақсылықов нұсқасында:	Словно сквозь завесы времени, из-под корней шиповника отчужденно глядели на мир пустыми глазницами большие норы [13, 3].
С.О. Чоракаев нұсқасында:	They had been washed out by the flood-water and become wide enough for a grown man to easily crawl into [14, 80].
С. Гейган, С. Холлингсуорс нұсқасында:	The old lairs had been eroded by the flood water running off the plain and were now easily big enough for a man to crawl into [15, 59].

Ресейлік аударматанушы ғалым В.Н. Комиссаровтың эквиваленттілік теориясына сай орыс тіліндегі А. Пантиелевтің нұсқасы 4-жағдаятты сипаттау деңгейінде берілген, өйткені түпнұсқадағы кеңдігі кісі сыйғандай метафорасы орыс реципиенттеріне

бейімделіп, доместикацияланған. Отандық аударма зерттеушісі, профессор, филология ғылымдарының докторы, тәржімеші А.Ж. Жақсылықов жазушы М. Әуезовтің «Көксерек» повесінің орысша нұсқасы туралы: «Түпнұсқа мен А. Пантиелевтің орысша аудармасының мәтіндері құрылымдық жағынан айтарлықтай сәйкес келмейтінін айтқымыз келеді» [16, 67], – деген тұжырым жасаған.

Ал, тәржімеші А.Ж. Жақсылықовтың түпнұсқадағы метафораны глядели на мир пустыми глазами большими норы деген орыс тіліндегі нұсқасы аударма зерттеушісі В.Н. Комиссаров теориясының 5-коммуникация мақсатының сақталу деңгейінде берілген, яғни түпнұсқа мәтіні аудармада доместикацияланған.

Ағылшын тіліндегі аудармашы С.О. Чоракаевтың become wide enough for a grown man деген нұсқасы ресейлік ғалым В.Н. Комиссаровтың 4-жағдаятты сипаттау деңгейінде берілген, өйткені аудармашы А. Пантиелев нұсқасынан тәржімеленген, сонымен қатар аудармашы орыс тілді екенін ескеру қажет.

Сондай-ақ, С. Гейган, С. Холлингсуорс тәржімешілерінің were now easily big enough for a man to crawl into нұсқасы В.Н. Комиссаровтың 4-жағдаятты сипаттау деңгейінде берілген, өйткені түпнұсқа мәтіні қазақ тілінде жазылғандықтан, ағылшын тіліне жанама орыс тілі арқылы аударылған тәржіме эквиваленттіліктің 5-деңгейінде беріле алмайды, өйткені орыс тіліндегі А. Пантиелев нұсқасы форенизацияланған. Аударма эквиваленттіліктің 5-деңгейінде және сапалы шығуы үшін түпнұсқа басқа тілдерге тәржімеленгенде доместикациялануы қажет. Сонымен қатар, аудармашылар С. Гейган мен С. Холлингсуорс тәржіме үдерісіндегі қиындықтар туралы: «М.О. Әуезовтің шығармаларын ағылшын тілді аудиторияға аударғанда және одан әрі оқығанда «шығарма – оқырман» және «оқырман – шығарма» қатынастарын ашу маңызды болды» [1, 53].

Келесі метафора автордың адамдарға табиғаттың көзімен қарап, адамзаттың оған деген қатыгездігін білдіру үшін, санадан айырып, адам демей, екі аяқтылар деп аталуымен өте экспрессивті:

М. Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафораның аударма нұсқалары

2- кесте

Түпнұсқада:	Ін аузында екі аяқтылар жыбырлады [11, 7].
А. Пантиелев нұсқасында:	Набрасывая на головы, на шеи волчатам крепкие ременные путы, двуногие вытаскивали их одного за другим из темной норы [12, 4].
А.Ж. Жақсылықов нұсқасында:	Затем двуногие забежали, засуетились возле нор [13, 4].
С.О. Чоракаев нұсқасында:	The shepherds put strong thongs over the cubs' heads and necks and dragged them one by one out of the dark hole [14, 81].
С. Гейган, С. Холлингсуорс нұсқасында:	Throwing a strong leather lasso over the cubs' necks, the humans pulled them out of the den one after the other [15, 61].

Аударма зерттеушісі В.Н. Комиссаровтың эквиваленттілік концепциясына сай түпнұсқадағы екі аяқтылар (жыбырлады) метафорасы А. Пантиелев бойынша двуногие (вытаскивали их одного за другим из темной норы) деп, 4-жағдаятты сипаттау деңгейінде берілген.

Ал, аудармашы А.Ж. Жақсылықовтың (Затем) двуногие (забежали, засуетились) деген нұсқасы 5-коммуникация мақсатының сақталу деңгейінде аударылған, сондай-ақ орыс реципиенттерінің мәдени құндылықтары ескерілген.

Тәржімеші С.О. Чоракаевтың The shepherds (put strong thongs over the cubs') нұсқасы 4-жағдаятты сипаттау деңгейінде берілген, яғни орыс тілдегі «двуногие» метафорасын The shepherds деп аударма трансформациясы-генерализацияны қолданып, жағдаятқа сай бейімдеген.

Аудармашылар С. Гейган мен С. Холлингсуорстың нұсқасы: the humans (pulled them out of the den one after the other) 4-жағдаятты сипаттау деңгейінде жасалған, өйткені ағылшын реципиенттеріне доместикациялаған.

Ал, төмендегі мысал уақытқа қатысты бейнелі ұлттық өлшем бірлік атауы – қас қараюға айналған уақыт:

М. Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафораның аударма нұсқалары

3- кесте

Түпнұсқада:	Әбден қас қараюға айналған уақытта Көксерек жалғыз өзі баяулап басып ауылға келді [11, 12].
А. Пантиелев нұсқасында:	Волк появился в ауле ночью [12, 8].
А.Ж. Жақсылықов нұсқасында:	Уже в сумеречной тьме Коксерек вернулся в аул, бежал он пугливо-настороженной трусцой [13, 7].
С.О. Чоракаев нұсқасында:	The wolf turned up in the aul at night [14, 86].
С. Гейган, С. Холлингсуорс нұсқасында:	But Savage Grey paid no heed to his plaintive calls, only returning to the aul later that night [15, 66].

Түпнұсқадағы Әбден қас қараюға айналған уақытта деген метафора аудармашы А.Пантиелевте ночью нұсқасы аударматанушы В.Н. Комиссаровтың 3-хабарлама (құрылымы жағынан) деңгейінде берілген, яғни түпнұсқадағы метафора орысша аудармада ночью деп трансформацияланған.

Ал, аудармашы А.Ж. Жақсылықовтың в сумеречной тьме тәржімесі 5-коммуникация мақсатының сақталу деңгейінде берілген.

Сондай-ақ, тәржімешілер С.О. Чоракаевтың, С. Гейган мен С. Холлингсуорс нұсқасы аудармашы А. Пантиелев тәржімесінен жасалғандықтан, 3-хабарлама (құрылымы жағынан) деңгейінде берілген, яғни түпнұсқадағы автор айтқысы келген уақыт түн емес, кеш пен түн арасындағы уақытты метафораны қолдану арқылы меңзеген, сондықтан орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқаларда қазақ халқына тән мәдени, ұлттық метафораның мағынасы аудармада сақталмаған. Және оны біз А.Ж. Жақсылықовтың аудармасынан в сумеречной тьме-in the twilight darkness деп аударуды ұсынар едік.

Автор қолданған келесі метафора (мұрнын жару) дала тағысы, жабайы табиғат өкілі, жыртқыштың табиғи инстинктін одан әрі әсірелеп көрсетеді:

М. Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафораның аударма нұсқалары

4- кесте

Түпнұсқада:	Бірақ сол қорадан кеш бойы мұрнын жарып өзіне тартқан қой иісі келеді [11, 14].
А. Пантиелев нұсқасында:	Он останавливался с подветренной стороны, и в нос ему бил густой сытный запах хлева и скота, а в уши – собачий беспокойный лай [12, 10].
А.Ж. Жақсылықов нұсқасында:	От сараев, воспаля ноздри, струился притягательный запах овец [13, 7].
С.О. Чоракаев нұсқасында:	He would stop leeward and his nose would sense the rich tasty smell of a sheep-cot and his ears would hear the excited barking of dogs [14, 87].
С. Гейган, С. Холлингсуорс нұсқасында:	He stopped on the leeward side of the hill, his nose filled with the dense, appetizing smell of paddock and livestock and his ears, with the agitated barking of dogs [15, 67].

Ресейлік аударматанушы ғалым В.Н. Комиссаровтың эквиваленттілік концепциясына сай түпнұсқадағы метафораның аудармасы А. Пантиелевте 4-жағдаятты сипаттау

деңгейінде берілген, өйткені и в нос ему бил (густой сытный запах хлеба и скота) деп түпнұсқадағы екі жай сөйлемді аударма біріктіріп, күрделі сөйлеммен берген.

Аудармашы А.Ж. Жақсылықовтың түпнұсқадағы метафораны воспалая ноздри, (струился притягательный запах овец) деген нұсқасы эквиваленттіліктің 5- коммуникация мақсатының сақталу деңгейінде берілген, яғни түпнұсқадағы ұлттық метафораның мәні мен мағынасы аудармада сақталған.

Тәржімеші С.О. Чоракаевтың his nose would sense (the rich tasty smell of a sheep-cot) нұсқасы зерттеуші В.Н. Комиссаровтың 4-жағдаятты сипаттау деңгейінде берген, өйткені аудармашы метафораны форенизациялаған.

Ал, С. Гейган, С. Холлингсуорс аудармашылары his nose filled with (the dense, appetizing smell of paddock and livestock) тәржімесі 4-жағдаятты сипаттау деңгейінде берген, өйткені ағылшын оқырмандарының қабылдау деңгейі мен фондық білімдерін ескерген.

Төмендегі келесі мысалда да жазушы Аққасқаның мінез-құлқын сипаттайтын сіркесі су көтермеу бейнелі образы:

М. Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафораның аударма нұсқалары

5- кесте

Түпнұсқада:	Аққасқа өте қабаған. Сіркесі су көтермейтін долы, ызалы [11, 35].
А. Пантиелев нұсқасында:	Пес был кровный, гордый и вспыльчивый [12, 24].
А.Ж. Жақсылықов нұсқасында:	Аккаска – опасный, злобный, легко раздражающийся [13, 17].
С.О. Чоракаев нұсқасында:	The dog was thoroughbred, proud and irascible [14, 106].
С. Гейган, С. Холлингсуорс нұсқасында:	Akkaska was pure-blooded, proud and hot-tempered [15, 84].

Бұл метафораны аудармашы А.Пантиелев: Пес был кровный, гордый и вспыльчивый деп аударматанушы ғалым В.Н. Комиссаровтың 3-хабарлама (құрылымы жағынан) деңгейінде береді, яғни түпнұсқадағы метафора Қасеннің иті «Аққасқа» туралы болғандықтан, орысша аудармада Пес деп генерализациялау әдісі арқылы көрініс тапқан.

Ал, аудармашы А.Ж. Жақсылықовтың Аккаска – опасный, злобный, легко раздражающийся тәржімесі 5-коммуникация мақсатының сақталу деңгейінде берілген.

Сондай-ақ, тәржімешілер С.О. Чоракаевтың, 3-хабарлама (құрылымы жағынан) деңгейінде берілген, өйткені аудармашы А. Пантиелев тәржімесінен аударылған. Ал С. Гейган мен С. Холлингсуорс нұсқасында: 4-жағдаятты сипаттау деңгейінде берген, яғни аудармашылар Akkaska was pure-blooded, proud and hot-tempered деп аударған. Демек, барлық аудармада экспликация әдісі орын алған.

Келесі мысалға назар аударсақ:

М. Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафораның аударма нұсқалары

6- кесте

Түпнұсқада:	Бетті елсізге қарай түзеп қасқырлар бүлкетеді [11, 28].
А. Пантиелев нұсқасында:	Волки бежали без оглядки [12, 18].
А.Ж. Жақсылықов нұсқасында:	Волки все той же трусцой убегали в безлюдные места [13, 14].
С.О. Чоракаев нұсқасында:	The wolves ran without turning their heads [14, 99].
С. Гейган, С. Холлингсуорс нұсқасында:	The wolves ran without a backwards glance [15, 78].

Ресейлік аударматанушы ғалым В.Н. Комиссаровтың эквиваленттілік теориясына сай орыс тіліндегі А. Пантиелевтің нұсқасы 3-хабарлама (құрылымы жағынан) деңгейінде берілген, өйткені түпнұсқадағы бежали без оглядки метафорасы орыс реципиенттеріне бейімделіп, доместикацияланған.

Ал, тәржімеші А.Ж. Жақсылықовтың түпнұсқадағы метафораны убегали в безлюдные места деген орыс тіліндегі нұсқасы аударма зерттеушісі В.Н. Комиссаров теориясының 5-коммуникация мақсатының сақталу деңгейінде берілген.

Ағылшын тіліндегі аудармашы С.О. Чоракаевтың ran without turning their heads деген нұсқасы ресейлік ғалым В.Н. Комиссаровтың 4-жағдаятты сипаттау деңгейінде берілген, өйткені аудармашы А. Пантиелев нұсқасынан тәржімеленген, сонымен қатар аудармашы орыс тілді екенін ескеру қажет.

Сондай-ақ, С. Гейган, С. Холлингсуорс тәржімешілерінің The wolves ran without a backwards glance нұсқасы ғалым В.Н. Комиссаровтың 4-жағдаятты сипаттау деңгейінде берген.

Төмендегі ашу шақыру метафоралық образы тағы да Аққасұаны суреттейді:

М. Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафораның аударма нұсқалары

7-кесте

Түпнұсқада:	Бірақ тар үйде, көп бөтен кісінің ортасында Аққасқа жиі ашу шақырады [11, 37].
А. Пантиелев нұсқасында:	При кормежке мясо брал с рычанием [12, 24].
А.Ж. Жақсылықов нұсқасында:	В тесной зимовке, в окружении чужих людей, Аккаска раздраженно клотал, злобно скалился [13, 19].
С.О. Чоракаев нұсқасында:	When fed he would seize his meat with a growl [14, 106].
С. Гейган, С. Холлингсуорс нұсқасында:	He would devour his food with a menacing growl [15, 84].

Түпнұсқадағы жиі ашу шақырады метафорасын аудармашы А. Пантиелев мясо брал с рычанием деген нұсқасы зерттеуші В.Н. Комиссаровтың 3-хабарлама (құрылымы жағынан) деңгейінде жасаған, өйткені контекстке мән беретін болсақ, түпнұсқадағы сөйлемдердің құрылымын тәржімеде аударма трансформациялары генерализация, конкретизация сияқты амалдарды қолдану арқылы өзгерткен, сонымен қатар орыс реципиенттеріне бейімдеуге тырысқан.

Ал, аудармашы А.Ж. Жақсылықовтың раздраженно клотал, злобно скалился деген нұсқасы 5-коммуникация мақсатының сақталу деңгейінде берілген және орыс оқырмандарына доместикациялаған.

Тәржімеші С.О. Чоракаевтың with a growl деп, ал аудармашылар С. Гейган мен С. Холлингсуорс: with a menacing growl нұсқалары 3 - хабарлама (құрылымы жағынан) деңгейінде берілген, өйткені ағылшын тіліндегі 2 нұсқа аралық тіл, яғни тәржімеші А. Пантиелев нұсқасы негізінде жасалған.

Талдауға түскен соңғы метафора (ес жию) повестің де шарықтау шегіне жеткен тұсында қолданыс тапқан:

Түпнұсқада:	Ес жиған соң, жұрт көк шолақтың құлағына қарап отырып, бұрынғы кеткен Көксерек атты күшікті таныды [11, 43].
А.Пантиелев нұсқасында:	Волчью тушу привезли в аул, бросили у юрты Курмаша, и здесь старая бабушка опознала Серого Лютого, как и Курмаш, по надорванному уху. [12, 26].
А.Ж. Жақсылықов нұсқасында:	Собрались джигиты. Рассматривая волка, по надорванному уху опознали в нем Коксерека, которого знали еще щенком [13, 21].
С.О. Чоракаев нұсқасында:	Here his old grandmother identified Fierce Grey, as Kurmash had, by his torn ear [14, 110].
С. Гейган, С. Холлингсуорс нұсқасында:	Like Kurmash, his grandmother recognized Savage Grey from his torn ear [15, 88].

Түпнұсқадағы Ес жиған соң деген метафора аудармашы А.Пантиелевте и здесь старая бабушка опознала Серого Лютого, как и Курмаш нұсқасы аударматанушы В.Н. Комиссаровтың 3-хабарлама (құрылымы жағынан) деңгейінде берген, яғни түпнұсқадағы метафора тәржімеде конкретизацияға ұшырап, орыс реципиенттеріне доместикациялаған.

Ал, аудармашы А.Ж. Жақсылықовтың собрались джигиты тәржімесі 5-коммуникация мақсатының сақталу деңгейінде берген, өйткені түпнұсқа авторының ойын контексте байланысты тәржімеде толықтырып, форенизациялаған.

Сонымен қатар, тәржімешілер С.О. Чоракаевтың Here his old grandmother identified Fierce Grey, as Kurmash had, С. Гейган мен С. Холлингсуорстың Like Kurmash, his grandmother recognized нұсқалары аудармашы А. Пантиелев тәржімесінен жасалғандықтан, 3-хабарлама (құрылымы жағынан) деңгейінде сақталып, ағылшын тілді оқырмандарға бейімделген.

Жоғарыдағы метафораларды талдау барысында орыс тілінен ағылшын тіліне тәржімелеуде аудармашылар С. Гейган, С. Холлингсуорс ағылшын тіліндегі нұсқаларын қолдаймыз, өйткені ағылшын тіліне аралық тіл арқылы аударылса да, тәржімешілер талданған метафораларды ағылшын реципиенттеріне доместикациялауға тырысқан, сонымен қатар аталмыш тәржімешілер ағылшын тілінің ерекшеліктері мен ұлттық сипаттарын тереңдеу білетін және аударма теориясы мен сыны, тарихын жетік меңгерген мамандар ретінде саналады.

Ал, орыс тіліндегі нұсқада тәржімеші А.Ж. Жақсылықовтың аудармасын мақұлдаймыз, өйткені түпнұсқадағы метафораларды орыс тіліне ресейлік зерттеуші В.Н. Комиссаровтың эквиваленттілік теориясына сай жоғары деңгейде жасалған нұсқа екендігін мысалдармен дәйектедік.

Нәтижелер. Белгілі ресейлік аударма зерттеушісі В.Н. Комиссаровтың 5 эквиваленттілік деңгейіне сай талқылану бөлімінде берілген М. Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафоралардың орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқаларын салыстырмалы талдау нәтижесінде келесідей тұжырымдар жасалды:

1) Түпнұсқадан орыс тіліне эквиваленттіліктің 5-коммуникация мақсатының сақталу деңгейінде аударған А.Ж. Жақсылықовтың нұсқасы сәтті шыққан және аударма моделі бойынша түпнұсқа орыс халқының реципиенттеріне форенизацияланған, өйткені кәсіби тәржімеші А.Ж. Жақсылықов заманауи көркем аударма сыншысы әрі практигі;

2) М.Әуезовтің «Көксерек» повесінің ағылшын тіліндегі нұсқасы эквиваленттіліктің 5-коммуникация мақсатының сақталу деңгейінде берілуі үшін аудармашы А.Ж. Жақсылықов тәржімесінен тағы да келешекте аударылуы қажет;

3) Дегенмен, ағылшын тіліне орыс тілінен жанама аудармай, екі тілді толық меңгерген, сондай-ақ мәдени және ұлттық ерекшеліктерді ажырата алатын, заманауи аударма теориясы, сыны мен практикасынан құзыреттілігі жоғары, проза авторының ритмі мен

стилін сезінетін кәсіби отандық тәржімешінің ағылшын тіліне тура тәржіме жасауы келешекте атқарылатын міндеттердің бірі.

«Егер түпнұсқаның барлық элементтерін аудармада беру мүмкін болмаса, аудармашы баламалы алмастыруларға жүгіне алады, соның арқасында оқырманға әсерлі болады. Десек те, ауыстырамын деп, түпнұсқа идеясынан ауытқуға болмайды» [15, 88] – деген тұжырымды қандай аудармада болсын, ұстану қажет.

Қорытынды. Осы мақаланы қорытындылай келе, М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесіндегі ұлттық метафоралардың орыс тіліндегі аудармашы А. Пантиелев нұсқасында орыс халқына тым бейімделіп, домектикацияланған, өйткені түпнұсқадағы метафоралар аударма трансформацияларымен беріліп, құрылымдық жағынан да автор стилін сақтамау сияқты ауытқуларды байқауға болады.

Сонымен қатар, аударматанушы В.Н. Комиссаровтың эквиваленттілік дейгейінің концепциясына байланысты тәржімеші А. Пантиелев түпнұсқадағы метафоралардың аудармасын орыс тіліне 3 және 4-деңгейлерінде ғана аударған. Ал, ағылшын тіліндегі 2 түрлі С.О. Чорақаев және С. Гейган, С. Холлингсуорс нұсқалары аудармашы А. Пантиелев аудармасынан жасалғандықтан, эквивалент деңгейлері орысша нұсқасымен бірдей келеді.

Ал, аударма зерттеушісі, профессор, филология ғылымдарының докторы, кәсіби тәржімеші А.Ж. Жақсылықовтың түпнұсқадағы метафоралардың тәржімелерін орыс тіліне 5-коммуникация мақсатының сақталу деңгейінде берген.

«Егер түпнұсқаның барлық элементтерін аудармада беру мүмкін болмаса, аудармашы баламалы алмастыруларға жүгіне алады, соның арқасында оқырманға әсерлі болады. Десек те, ауыстырамын деп, түпнұсқа идеясынан ауытқуға болмайды»

Кемеңгер қаламгер М. Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі метафоралардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аударма нұсқаларын салыстырмалы талдау болашақта отандық транслатология саласының сыны мен тарихын ғана дамытып қана қоймай, сондай-ақ аударма практикасы мен әдіснамасын жетілдіреді. Жалпы, бұл бір зерттеу мақала аясында әдеби троптардың ішінен тек метафораның аударылу ерекшелігі қарастырылды. Туындыдағы көркемдік-бейнелеуіш құралдардың басқа да түрлері келесі зерттеулерімізге негіз болады, яғни бұл тақырып ауқымды жұмысты талап етеді және келешекте диссертациялық деңгейде зерттелуі қажет.

Әдебиеттер

XVII Әуезов оқулары: XVII ғылыми-практикалық конференция материалдары/ Құрастырушы: Ханкей Ермек. – Алматы: Brand Book, 2020. – 212 б.

2. Danik S., Herman J.W., Kundharu S. The Value of Character Education in Short Stories Perempuan by Mochtar Lubis Collection: A Postcolonial Approach – AJHSSR // American Journal of Humanities and Social Sciences Research (AJHSSR) e-ISSN: 2378-703X. – 2021. – Vol. 5 (1). – pp. 01-05. URL: <https://www.ajhssr.com/the-value-of-character-education-in-short-stories-perempuan-by-mochtar-lubis-collection-a-postcolonial-approach/>

3. Абдрасил Н.С., Жапарова А.Ж. Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесіндегі реалиялардың тәржімеленуі (түпнұсқа және аударма нұсқалары негізінде) // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ хабаршысы. – 2024. – №1 (72). – Б. 285–301. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.72.1.021>

4. Summer Evening, Prairie Night, Land of Golden Wheat. The Outside World in Kazakh Literature. First Edition. Edited by R. Abazov. – San Diego, California: Cognella Academic Publishing, 2016. – pp. 85-102.

5. Адам және табиғат / Человек и природа / Human and Nature / Сост. А.Т. Калискарова, Е. Султан. – Алматы: Service Press, 2017. – 360 с.

6. Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармашылығының халықаралық маңызы. М.О. Әуезовтің 125 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (29 маусым 2022 жыл) / ҚР Ұлттық кітапханасы. – Алматы: ҚР Ұлттық кітапханасы, 2022. – 64 б.

7. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. 2-е изд., испр. – М.: Р.Валент, 2011. – 408 с.
8. Дәдебаев Ж. Әдеби компаративистика және көркем аударма. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2013. – 142 б.
9. Алдашева А. Аударматану (Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер). Оқу құралы/Тіл комитеті; жауап. ред. Р. Сыздық. – Алматы: Арда, 2006. – 248 б.
10. Әлтай А. Қазақ балалар поэзиясы: генеология, типология, поэтикалық даму: филол. ғыл. док. ... дис. – Астана: М.Н. Гумилев атын. Еуразия ұлттық ун-ті, 2009. – 285 б.
11. Әуезов М. Көксерек: повесть және әңгімелер / М.Әуезов. Үшінші рет басылуы. – Қарағанды: Qasym, 2023. – 94 б.
12. Ауэзов М. Серый Лютий: Рассказ/Пер. с каз. А. Пантелиева. – Алма-Ата: Жалын, 1982. – 28 с.
13. Ауэзов М. Матерый [Текст] / М. Ауэзов; Перевод А. Жаксылыкова // Простор. №3. – 2010. – С. 3-21.
14. Auevov M. Fierce Grey. – Almaty: Zheta Zhargy, 1997. – 112 p.
15. Auevov M. Beauty in mourning / M.Auevov. – Translation by S. Geoghegan, S. Hollingsworth. – London: Russell Press, 2017. – 412 p.
16. Жаксылыков А.Ж. Рассказ М.О. Ауэзова «Көксерек» в переводе на русский язык. Проблема адекватности / А.Ж. Жаксылыков // Тамыр. №2. – 2011– С. 66-74.
17. Daurenbekova L.N., Kartayeva A.M., Zhumatayeva Z.N., Bekenova G.S, Nurlanova A.N.. The first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe. //Cadernos de Tradução, 44(1), 2024. Graduate Program in Translation Studies. Federal University of Santa Catarina, Brazil. DOI <https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95583>

Н.С. АБДРАСИЛ, А.Ж. ЖАПАРОВА

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ МЕТАФОР В ПОВЕСТИ МУХТАРА АУЭЗОВА «КӨКСЕРЕК» (НА ОСНОВЕ ОРИГИНАЛА И ПЕРЕВОДЧЕСКИХ ВЕРСИЙ)

Аннотация. В статье были проанализированы переводы метафор повести Мухтара Ауэзова «Көксерек» на русском и английском языках. Были сделаны выводы в результате анализа и обсуждения полученных данных исследования.

К научной цели, основным направлениям и идеям исследования относится формулировка специфики перевода метафоры с казахского на русский и английский языки, одного из художественно-изобразительных средств, требующего от переводчика особого участия и высокого мастерства в художественном переводе.

Научная и практическая значимость исследования заключается в том, что сравнительный анализ метафор на основе концепций и теорий российских и отечественных ученых в повести литератора М. Ауэзова «Көксерек» на русском и английском языках способствует развитию практики и теории, качества, критики казахской транслатологии.

В качестве методологии исследования были взяты труды отечественных ученых-переводчиков Ж. Дәдебаева и А. Алдашевой, изучавших ценность сравнительного метода в художественном переводе. Применен алгоритм отбора, интерпретации, контент-анализа, лексико-семантического анализа и формулирования языковых единиц, поступающих в общее исследование.

Было доказано, что прямой перевод повести писателя М. Ауэзова «Көксерек» с казахского на английский язык способствует сохранению и форенизации смысловых слоев национальных метафор оригинала и облегчению процесса обучения будущих переводчиков.

Ключевые слова: повесть, метафора, перевод, оригинал, эквивалент, доместикация, форенизация.

N.S. ABDRASSIL, A.ZH. ZHAPAROVA
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

COMPARATIVE ANALYSIS OF METAPHORS IN MUKHTAR AUEZOV'S STORY "KOKSEREK" (BASED ON THE ORIGINAL AND TRANSLATION VERSIONS)

Annotation. In this article, translations of metaphors in Mukhtar Aueзов's story "Kokserek" were analyzed in Russian and English versions furthermore the authors also made scientific conclusions by analyzing and discussing the research results.

The scientific goal, main directions and ideas of the research include the formulation of the specifics of translating metaphors from Kazakh into Russian and English, one of the artistic and visual means that requires special participation from the translator and high skill in literary translation.

The scientific and practical significance of the study lies in the fact that the comparative analysis of metaphors in M. Aueзов's story "Kokserek" in Russian and English based on the concepts and theories of Russian and Kazakh scientists contributes to the development of practice and theory, quality, criticism of Kazakh translatology.

The research methodology was based on the works of Kazakh scientists Zh. Dadebaev and A. Aldasheva, who studied the value of the comparative method in literary translation. The algorithm of selection, interpretation, content analysis, lexico-semantic analysis and formulation of language units falling into the general study was used.

Based on the results of the research work, the authors of the article prove that a direct translation of M. Aueзов's story "Kokserek" from Kazakh into English helps to preserve and foreignize the ethno-semantic layers of the original national metaphors and facilitate the learning process of future translators.

The value of the research was studied by Kazakh literary scholars and linguists in such scientific articles and dissertations as the problem of social analysis, content and structural specificity, history of writing and poetics, layers of meaning, through the eyes of Kokserek in Mukhtar Aueзов's story "Kokserek", but a comparative analysis of the features of translating metaphors based on the original and translation versions have not considered as a scientific article in the field of Kazakh translatology.

Keywords: story, metaphor, translation, original, equivalent, domestication, foreignization.

References:

1. XVII Áýezov oqýlari: XVII gylymi-praktikalýq konferenciya materialdary/Qýrastyrýshy: Hankei Ermek. – Almaty: Brand Book, 2020. – 212 b.
2. Danik S., Herman J.W., Kundharu S. The Value of Character Education in Short Stories Perempuan by Mochtar Lubis Collection: A Postcolonial Approach – AJHSSR // American Journal of Humanities and Social Sciences Research (AJHSSR) e-ISSN: 2378-703X. – 2021. – Vol. 5 (1). – pp. 01-05. URL: <https://www.ajhssr.com/the-value-of-character-education-in-short-stories-perempuan-by-mochtar-lubis-collection-a-postcolonial-approach/>
3. Abdrasil N.S., Japarova A.J. B. Soqpaqbaevtiń «Meniń atym Qoja» povestindegi realialardyń tájirimelenýi (typnusqa jáne aýdarma nusqalary negizinde) // Abylai han atyndagy QazHQ jáne ÁTU habarshysy. – 2024. – №1 (72). – B. 285–301. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.72.1.021>
4. Summer Evening, Prairie Night, Land of Golden Wheat. The Outside World in Kazakh Literature. First Edition. Edited by R. Abazov. – San Diego, California: Cognella Academic Publishing, 2016. – pp. 85-102.
5. Adam jáne tagibat / Chelovek i priroda / Human and nature / Sost. A.T. Kaliaskarova, E. Sýltan. – Almaty: Service Press, 2017. – 360 s.
6. Muhtar Omarhanulu Áýezov shygarmashylygynyń halyqaralyq mańyzy. M.O. Áýezovtin 125 jyldygyna arnalgan halyqaralyq gylymi-praktikalýq konferenciya materialdary (29 maýsym 2022 jyl). – Almaty: KR Ulttyq kitaphanasy, 2022. – 64 b.
7. Komissarov V.N. Sovremennoe perevodovedenie. – M.: R.Valent, 2011. – 408 s.

8. Dádebaev J. Ádebi komparativistika jáne kórkem aýdarma. – Almaty: Qazaq ýn-ti, 2013. – 142 b.
9. Aldasheva A. Aýdarmataný (Lingvistikalyq jáne lingvomdeni máseleler). Oqý quraly/Til komiteti; jaýap.red. R. Syzdyq. – Almaty: Arda, 2006. – 248 b.
10. Altaj A. Qazaq balalar poeziyası: geneologiya, tipologiya, poetikalyq damý: filol. gyl. dok. ... dis. – Astana: M.N. Gýmilev atyn. Eýraziya ulttyq ý-ti, 2009. – 285 b.
11. Áýezov M. Kókserek: povest jáne áńgimeler / M. Áýezov. Ushinshi ret basyluy. –Qaragandy: Qasym, 2023. – 94 b.
12. Áýezov M. Seryj luytyj: Rasskaz/ Per. s kaz. A. Pantieleva. – Alma-Ata: Jalyn, 1982. – 28 s.
13. Áýezov M. Materyj [Tekst] / M. Áýezov; Perevod A. Jaksylykova // Prostor. – 2010. – N3. – SS. 3-21.
14. Auezov M. Fierce Grey. – Almaty: Zheti Zhargy, 1997. – 112 p.
15. Auezov M. Beauty in mourning / M.Auezov. – Translation by S. Geoghegan, S. Hollingsworth. – London: Russell Press, 2017. – 412 p.
16. Jaksylykov A.J. Rasskaz M.O. Áýezova «Kókserek» v perevode na russkiy iazyk. Problema adekvatnosti / A. J. Jaksylykov // Tamyr. – 2011. №2. – ss. 66-74.
17. Daurenbekova L.N., Kartayeva A.M., Zhumatayeva Z.N., Bekenova G.S, Nurlanova A.N.. The first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe. //Cadernos de Tradução, 44(1), 2024. Graduate Program in Translation Studies. Federal University of Santa Catarina, Brazil. DOI <https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95583>

Авторлар туралы мәлімет:

Абдрасил Наурызбай Сабыржанұлы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Абдрасил Наурызбай Сабыржанұлы – докторант Казахского национального университета имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Abdrassil Nauryzbay Sabyrzhanuly – doctoral student Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Жапарова Асемжан Жапарқызы – философия докторы (PhD), Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доцент м.а., Алматы, Қазақстан.

Жапарова Асемжан Жапаровна – доктор философии (PhD), и.о. доцента Казахского национального университета имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Zhaparova Assemzhan Zhaparovna – doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.